

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 365 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 63 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 сәуірде № 6180 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 365 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына ("Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 27 қарашада жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2987 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.";

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтау қағидалары осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тастемиров

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2020 жылғы 8 сәуірі

№ 63 қаулысы қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2014 жылғы 20

қазандағы № 365 қаулысымен

бекітілген

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидалары

Осы Қағидалар қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Полиция департаменті Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ) енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйлықақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйлықақыны төлеу және бағалы сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Ақшалай сыйлықақыны төлеу және бағалы сыйлықты алу облыстық бюджет қаражаты есебінен СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ төлейді.

7. Азаматтарға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің құрмет грамотасын, ақшалай сыйлықақыны, бағалы сыйлықты тапсыруды СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ салтанатты түрде жүзеге асырады.